


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Даниял және арыстандардың апаны



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Дарий Бабылдың жаңа патшасы болды. Олақылды болды. Өзінің билік етуіне көмектесу үшін өз патшалығының ең жақсы жүз жиырма адамын таңдап алды. Мұнан кейін ол солардың ішінен үш адамды таңдады. Даниял осы үш адамның біреуі болатын.



Дарий патша Даниялды құрметтегені сондай, ол оны бүкіл патшалығының билеушісі етуді ойлады.



3

Басқа билеушілер қызғанып кетті. Олар Даниял мен патшаның арасында келіспеушілік болу үшін Даниялдан қандай да бір кемшілік табуға тырысты.



4

Қанша тырысса да, бұл басшылар Даниялдан бір мін таба алмады. Даниял өзінің істеген ісінің бәрінде патшаға адал болды. Онымен қоса ол сақ болды әрі ақылды еді, әрқашан бәрін де жақсы етіп орындайтын.



5

Күншіл уәзірлер Даниялды тұзаққа түсірудің бір ғана амалы бар екенін білді. Олар жер бетінде оның Исраилдің Құдайына табынуына ештеңе кедергі бола алмайтынын білетін.



6

Даниялдың жаулары бір амал ойлап тапты. Олар патша қол қоюға тиісті жаңа заң шығарды. Заңда әр адам тек Дарийге ғана сиынуға тиіс екені жазылған. Бұған бағынбаған әр адам арыстандардың апанына тасталады!



7

Дарий патша жаңа заңға қол қойды.



8


Жаңа заңның Даниял үшін еш мағынасы жоқ еді. Ол әрқашан не істесе, соны істей берді. Күніне үш уақыт ашық терезе алдында тізесін бүгіп, көктің Құдайына сиынды.



9

Күншіл уәзірлер бұл жайында патшаға жеткізіп баруға асықты. Дарий патшада

Даниялды тұтқындаудан өзге еш амал қалмады. Заң орындалуы керек. Даниял өлуге тиіс. Патша барын салды, алайда заңды өзгертудің еш амалын таба алмады.



10

Даниял өлім жазасына кесіліп, арыстандардың апанына тасталды. Даниялды аш арыстандардың талап жеп қоюына тастамас бұрын Дарий патша оған былай деді: «Сен үнемі қызмет етіп келе жатқан сенің Құдайың сені құтқарады!»



11

Патша сол түні ұйықтамады. Келесі күні таңертең ерте ол арыстандардың апанына асықты.



12

Дарий патша дауыстап: «Даниял, тірі Құдайдың қызметшісі, сен үнемі қызмет етіп жүрген Құдайың сені арыстандардан құтқара алды ма?» – деді. Мүмкін ол жауап күтпеген де шығар. Бірақ Даниял жауап берді.




13

Даниял дауыстап: «Уа, патша, Менің Құдайым Өзінің періштесін жіберіп, олар маған еш зиян келтіре алмас үшін олардың азуларын жапты! Сондай-ақ, уа, патша, мен сенің алдында еш жамандық істеген жоқпын», – деді.



14

Дарий патша мээ болды! Ол Даниялды апаннан шығарып алуды бұйырды.



15

Патша Құдайдың Даниялды азат еткенін және Даниялдың жаулары Құдайдың жаулары екенін білді. Ол өзін өтірікпен жаман заңға қол қоюға мәжбүр еткендердің арыстандардың апанына тасталуына бұйрық берді. Арыстандар оларды жеп қойды.



16

Дарий патша бүкіл әлем көктегі Құдайдың Өзінің адал қызметшісі Даниялды қорғап қалғанын білгендерін қалады. Патша барлығына тірі Құдайға табынуларын бұйырған хат жазды. Сөйтіп патша Даниялға беделі мен билігін қайтарып берді.



17

Даниял мен арыстанның апаны

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Даниял 6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

